



● **КӨКТЕМ КҮНІ – ЖЫЛҒА АЗЫҚ**



Даланы дүбірге бөлеген

«Қарқын» агрофирмасының диқандары көктемгі егіс жұмыстарына кірісті

**Айбек
КӘДІРҰЛЫ**

Меңдіқара ауданына қарасты «Қарқын агрофирмасы» ЖШС-нің диқандары көктемгі егіс жұмыстарын бастап кетті. Шаруашылық жыл сайын 20 мың 500 гектар алқапқа дән сіңіреді. Оның 5,5 мың гектары зығыр,

күнбағыс, рапс тәрізді майлы дақылдардың еншісінде. Серіктестік директоры, Қазақстанның Еңбек Ері Сайран Бұқановтың айтуынша, комбайндар 100%-ға, ал тракторлар 90%-ға жаңартылған. Жақында 42 млн. теңгеге тағы канадалық техника сатып алыныпты. Жанар-жағар май қоры жеткілікті. Тұқым бар. Бір сөзбен айтқанда, егістік жұмыстарын уақытылы аяқтауға

барлық мүмкіндік жасалған.

СУРЕТТЕ: Бөлімше басқарушысы Аманбай Біралин және кәсігі механизатор Рамазан Бәсенов жас маман Ербол Нұрхановқа өз білгендерін үйретуден жалыққан емес. Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



● **ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ**

Ерлікке — тағзым

Қостанайдағы Жеңіс мерекесі

**Кенже
ҚОНЫСБАЙ**

Соғыс ардагерлерінің суретін қолдарына ұстаған мыңнан аса тұрғын Қостанайдың орталық алаңына жиналды. Олар сұрапыл соғыста бақилық болған аталарының, әкелерінің ерлігін, жеңісін әспеттей шықты. Бүгінгі бейбіт күн солардың өр мінезі мен қайтпас қайсарлығының арқасында келгені анық. Жеңіс күні мейрамын тойлау үшін қостанайлықтар таңғы сағат 8:00-ден бастап облыстық әкімшіліктің алдына жинала бастады. Біреулер омырауын ор-

денмен оқалаған батырлардың суретін ұстап келсе, енді біреулері зұлмат жылдардың куәгері болған ата-әжелерін жетектеп келеді.

Бүгіндері 15 мемлекетте кеңінен аталып өтетін «Өшпес даңқ полкі» акциясына Қостанайдағы барлық мектеп оқушылары мен студенттер, ересектер мен зейнеткерлер қатысты. Олар өзара әңгімелесіп, туысқандарының соғыстағы ерліктерін айтып, сырласты. Топ арасында бірі Ұлы Жеңіске қуанып шаттанса, бірі майданда қаза тапқан жақындарын қимастықпен еске түсіріп, көзіне жас алды.



Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Даланы дүбірге бөлеген



Аманбай Біралин «Қарқын» ЖШС-нде төрт жылдан бері бөлімше басқарады. Оның қарамағында күні бүгін 45 адам тұрақты еңбек етеді. Солардың бірі – кезінде талай рет еңбек озаты атанған кәсіби механизатор Рамазан Бәсенов. Социалистік Еңбек Ері, даңқты жерлесіміз Кәмшат Дөненбаевамен бір қатарда тер төккен тыңгер. Ол трактор рөліне отырғалы қырық жылдан асыпты. Тәжірибелі маман өз білгенін кейінгі жастарға үйретуден әсте жалыққан емес. Ал жас механизатор Ербол Нұрханов биыл алғаш рет К-700 тракторын тізгіндеп. Ербол да әкесінің еңбек жолын жалғастыруға ниетті.

Жалпы, «Қарқын» серіктестігінде Рамазан сияқты кәсіби мамандар көп. Мәселен, ұзақ жылдардан бері дала төсін дүбірге бөлеп келе жатқан Марат Қанжығалиев, Сағындық Жақыпов, Иван Блохин, Берік Нұрханов, Игорь Иванов, Кәдіржан Қиялов есімді озат механизаторлар агрофирманың мақтанышына айналған.

Шаруашылық басшысы Сайран Бұқанов биыл астық шығымы жаман бола қоймас деп отыр.

– Біз жылда жиырма мыңнан астам гектарға егін себеміз. Оның 17 мың гектарына ылғал сақтау технологиясы қолданылады. Агрофирмаға қарасты алқаптың бәрі құмайт жерлер. Сондықтан, далада су болғанмен, дәл қазір біздің танаптардың топырағы шығып жатыр. Оның үстіне, соңғы үш жылдың бедерінде маусым айында бірде-бір тамшы тамған жоқ. Егер маусым айында жаңбыр болса, онда егін болады. Қазір, майлы дақылдарды егіп жатырмыз. Ал, 20 мамырда бидайды бастаймыз. Ауа райы осы қалпында тұрса, егіс науқанын 1 маусымға дейін аяқтаймыз.

С.Бұқанов ауылшаруашылық мақсатындағы жерді әртараптан-дыру саясатын әркез қолдайды. Өйткені, тауар өндірушілер үшін бидайдан гөрі майлы дақылдардың тиімділігі өте жоғары. Мәселен, рапс 70 %, күнбағыс 51 % пайда түсіреді. Ал бидайдың тиімділігі – бар болғаны 21 % ғана. Елімізде майлы дақылдар алқабын ұлғайтуға не себепті көңіл бөлініп отырғандығы осыдан-ақ түсінікті болса керек.

– Бір қынжылтатыны, біз майлы дақылдардың тұқымын шеттен сатып аламыз. Ол кез келген шаруаның қалтасын қағады. Бағасы қымбат. Мысал үшін айтайын, бір егістік кешендегі бірлік 200 АҚШ долларына тең. Егер тұқым өзімізде шығарылса, онда шаруаларға көп жеңіл болар еді, – дейді серіктестік басшысы.

● АРДАГЕР



Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Қостанай қаласында қос ғасырға куә болған қарт әжей тұрады. Кейуана биыл жүз он төртке толып отыр. Марпуға Селтеткенова 1902 жылы Ресейдің Қорған облысы, Альмен ауданы, Шарипов ауылында дүниеге келген. Әкесі ерте қайтыс болып, анасы балаларымен Челябинск қаласына көшіп келеді. Сол жақта медреседе білім алып, тұрмысқа шығады. Дүниеге төрт бала әкелсе де, соның біреуі тұрақтамай, шетінеп кеткен. Артынша Мұхамеджан есімді азаматпен танысып, екінші рет отбасын құрады.

Бүгіндері ұрпақтары еліміздің әр жерінде тұрады. Он баланың анасы қазір Жібек атты қызының қолында. Селтеткеновтер әулеті 1992 жылы Қазақстанға қоныс аударған. Жетпіске тақаған Жібек апамыз Марпуға әжейдің көңілі сергек, қимылы ширақ екенін айтады.

Қостанайда Марпуға Селтеткенова сынды ұзақ жасаған жандар қатары саусақпен санарлық. Көненің көзіндей болған әжейге бүгіндері республика тарапынан қолдау көрсетіліп, назарда ұсталады. Билік өкілдері әр мереке сайын құттықтап, мерейін асырып отырады. Әжеміздің ерлігін «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық Кеңесі де ескерді. Ұзақ ғұмыр жасап, үлкен отбасын құрған кейуана бүгінгі ұрпаққа сөзсіз үлгі болары анық. Астана қаласынан жолдаған марапат пен сый-сияпатты Қостанай облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин мен қаламыздың Құрметті азаматы Беген Көпеш өз қолымен табыстады. Ғасыр жасаған әженің хал-жағдайын біліп, әңгімелесіп қайтты. Әлі күнге дейін қолынан Құран кітабын тастамаған әжеміздің жайы бізді қуанып тастады. Ақ әжемен сөл сырласқан соң батасын алып, қоштастық.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Ерлікке — тағзым



Ұлы Жеңістің 71 жылдығына арналған шеруге жергілікті билік өкілдері, соғыс ардагерлері, кадеттер, тыл еңбеккерлері және бейбіт күнді сыйлаған батырларға алғыс айту үшін мыңдаған қостанайлық тұрғын жиналды. Жеңіс күнімен құттықтау үшін өңір басшысы Архимед Мұхамбетов сөз сөйледі:

– Ұлы Отан соғысына Қостанайдан 73 мың сарбаз аттанды, соның тек 37 мыңы ғана аман-есен қайта оралды. Қан майданда біздің жерлестеріміздің көрсеткен ерлігі өлшеусіз. Сөзсіз олар біздің өскелең ұрпаққа үлгі. Ұрпақтары оларды бейбіт күнде мақтана еске алып, алғыстарын білдіреді. Адамзаттың басына төнген қанды қырғында біздің халқымыз бірлік пен қайсарлық көрсетті. Жеңіске деген жігердің арқасында біздің аталарымыз Берлин бекінісін бұзды.

Илья Сяновтың басшылығымен Қостанайда құрылған 151-ші атқыштар дивизиясы соғыста қаһармандық танытты. Кеңес әскерінің Рейхстагқа дейін жетіп, жеңіс туын тігуге өздерінің зор үлестерін қосты. Жеңіс туын желбіреткен қазақстандық Рахымжан Қошқарбаев еді. 500 қазақстандық сарбазға Кеңес Үкіметінің батыры атағы берілді. Соның 40 батыры Қостанайдан шықты. Осындай жерлестерімізбен мақтануымыз керек.

Құрметті қостанайлықтар! Қазақстан атты шаңырағы биік, іргесі берік елде тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «ӘЛЕМ. XXI ҒАСЫР» манифестін ұсынып, әлем елдерін бейбіт өмірге шақырды. Біздің Отанымызда бейбітшілік құсы мәңгі қалықтасын. Сіздерді Ұлы Жеңістің 71 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! – деді облыс әкімі.



Облыс әкімінің жылы лебізінен соң сөз кезегін соғыс ардагері Михаил Подольков алды.

– Азат күнде өмір сүріп, соның бағасын білуіміз қажет. Болашақ – мына жастардың қолында. Ел келешегі сіздерге байланысты. Президент айтқандай, дамыған 30 елдің қатарына кіру үшін жастарымыз білімді, жігерлі болуы керек. Себебі, өмірде тек мықтылар ғана жеңіске жетеді, – деді ардагер.

Салтанатты құттықтаудан соң 9-мамыр күні дәстүрге айналған, жеңісті әспеттейтін әсем ән «Жеңіс күні» әуені әуеледі. Жиналған жұртшылық қосыла шырқады. Ескере кететін тағы бір жайт, салтанатты жиында кадеттер соғыс ардагерлерінің алдында Отанды қорғауға, батыр азамат болуға сөз беріп, ант қабылдады. Жиыннан соң шеру ерлер есімі жазылған құрмет тақтасына гүл шоқтарын қою үшін Жеңіс саябағына қарай бағыт алды.

Негізінен, Жеңіс саябағындағы мәңгілік алау басына гүл

шоқтарын қою рәсімі сағат 11:00-ге жоспарланған. Алайда, жұртшылық таңғы 9-дан бастап саябақ маңына жинала бастады. Белгіленген уақыт таяғанда Алексей Губенко жетекшілік ететін оркестрдің әуені естіліп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Шеруді облыс басшылары бастап, ардагерлер мен кадеттер қостаған, соңын батырлардың суретін көтерген қалың жұртшылық түйіндейді. Шеру белгісіз жауынгер монументінің алдына келіп тоқтады. Сағат тура 11:00-де бір минут үнсіздік орнап, майданда қаза тапқандарды еске алды. Бұл сәтте тынымсыз ойнап-күлген балалар да тынышта-лып, үлкендердің көңілі босап, көздеріне жас алды.

Үнсіздіктен кейін облыс әкімі Архимед Мұхамбетов пен Ұлы Отан соғысының ардагері Михаил Подольков гүл шоқтарын қойды. Содан соң Қостанай қаласының әкімі Базыл Жақыпов пен Ұлы Отан соғысының ардагері Қасымхан Алдабергенов тағзым етіп, гүл толы қоржынды ескерткіш алдына қалдырды. Облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин мен қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Юрий Харьков та гүл шоқтарын қойды.

Саябақ іші әскери қалашыққа ұқсатып безендірілген. Майданда қолданылған қару-жарақтар мен атқыш зеңбіректер тізіліп тұр. Жауынгерлер күнелткен шатыр тұрғызылып, әскери түстік ас таратылды. Қостанайлықтар жасыл шөп үстіне дастарқан жайып, таза ауада серуендеді.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Ел үмітін ер ақтар



Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Қостанай қаласында Отан қорғаушылар күні бар сән-салтанатымен аталып өтті. Орталықты әскери киім киген жас жеткіншектер толтырды. Патриоттық әндер әуелеп, мерекелік көңіл-күй орнады. «Океан»,

«Альбатрос», «Тайфун», «Қайсар», «Сармат» сынды әскери-патриоттық үйірмелердің жас сарбаздары қоян-қолтық ұрыстың әдіс-тәсілдерін көрсетіп, жиналған жұртшылықты тәнті етті.

Мереке күнін пайдаланып, қала әкімі Базыл Жақыпов үйірме шәкірттерін және ата-аналары мен клуб жетекшілерін мақтау қағаздарымен марапаттап, құттықтау сөз сөйледі.

– Құрметті ардагерлер мен қала тұрғындары! Сіздерді Отан қорғаушылар күні мерекесімен құттықтаймын! Қазақ халқы ежелден өз Отанын, туған жерін қорғап келеді. Тәуелсіз 25 жыл ішінде Елбасының арқасында еліміз қауіпсіз. Шағын және мобильді қарулы күштер құрылды. Біздің әскерлеріміз өскелең ұрпаққа үлгі. Тағы да әскери азаматтарды айтулы мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын, – деді. Бұл марапат жас сарбаздарды қанаттандырып, құлшынысын арттырады.

Мерекелік іс-шара жергілікті өнерпаздардың концертіне жалғасты. Қостанайлықтар әсем әуендерге шаттанып, мейрамның көркін қыздыра түсті.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● БІЛІМ – МӘНГІЛІК ҚАЗЫНА

Әңгіме арқауы – ҰБТ

Гүлназым
САФИТОВА

Бүгінгі таңда әлеуметтік саланың бірі болып саналатын білімге бөлінетін қаржының көлемі жылдан жылға артып келеді. Мәселен, осыдан екі жыл бұрын білімге бөлінген қаржы 47 млрд. теңгені құраса, ал, үстіміздегі жылғы білім саласына бөлінген қаржының көлемі – 58 млрд. теңге. Облыс әкімі Архимед Мұхамбетовтың айтуынша, экономикалық қиындықтарға қарамастан 11 млрд. теңгеге өсіп отыр. Рас, білім беру мекемелеріміз күрделі жөндеуден өтіп, материалдық-техникалық базасы жаңарып, ұстаздарға уақытылы еңбек жалақыларын төлеп, қолдау-көмек көрсетеміз, өңірімізде білікті педагогтарымыз да жеткілікті, бірақ соңғы жылдардағы білім сапасы мен ҰБТ көрсеткішіне келсек, өткен жылы республика бойынша тоғызыншы орынға барып тірелдік. Облыста 40-қа жуық мұғалім жетіспейді, балабақша салынып, шағын орталықтардың саны көбейгенімен, өңірде 0-6 жас аралығындағы 22 мың бала балабақшаның кезегінде тұр. Аймақтың бес ауданында балалар шығармашылығына арналған үй жоқ. Міне, осы секілді мәселелер Қостанай қаласындағы балалар шығармашылығы үйінде облыс әкімінің қатысуымен өткен кеңес-жиналыста жан-жақты талқыланды.

Жиын аясында облыс әкімінің орынбасары М.Жүндібаев баяндама жасады. Оның айтуы бойынша, облысымыздағы білім саласында атқарылып жатқан жұмыстар да, көңіл көншітпейтін мәселелер де баршылық. Соның бірі – Ұлттық бірыңғай тестілеу. Қазіргі кезде мектеп бітіруші оқушылар сегіз рет байқау тестілеуіне қатысып, білімдерін сынады. Айта кетерлігі сол, тестілеуге 11 сынып бітіретін оқушылардың 63,7 пайызы қатысты. Оқушылардың алған орташа баллы – 81,6 пайыз, білім сапасы – 41,82 пайыз.

Осы байқау тестілеуіне Алтынсарин, Жанкелдин, Қамысты, Ұзынкөл, Федоров, Науырзым аудандарынан қатысқан мектеп бітіруші оқушыларының саны аз, ал, Арқалық қаласы мен Денисов, Қарасу, Сарыкөл аудандарындағы мектеп оқушыларының осы байқау тестілеуінде көрсеткен білім сапасы төмен.

Өткен жылы "Алтын белгіге" үміткер жүз жиырма оқушының қырық бірі ғана өз білімдерін дәлелдеп шықса, осы жылғы бақылау тестілеуде "Алтын белгіге" деген үміткер 102 оқушының 67-і білімдерін дәлелдеп отыр. Баяндамашының айтуынша, бұл көрсеткіш әзірге жақсы көрсеткіш

екен, десек те бақылау тестілеудің аты – бақылау тестілеу.

– Білім саласына бөлінетін қаржы жылына ұлғайып отыр. Үстіміздегі жылғы қаржы – 58 млрд. теңгені құрайды. Мектептеріміздің материалдық жабдықтау жағы да назардан тыс қал-



майды, бірақ қайтарымы қандай? Мәселе – осында. Қарап отырсаңыздар, жылына мектептеріміздің екі пайызына ғана жөндеу жұмыстары жүргізіледі, ал, негізінен 10 пайызы жөндеуі тиіс, әрі кеткенде жеті-сегіз жылдың ішінде мектептеріміздің бәрі жөндеу жұмыстарын көруі мүмкін, сондықтан да "Көркейе бер, Қостанай!" жобасын жүзеге асырып отырмыз. Осы арада мемлекеттік жеке меншік әріптестіктетігі іске қосылып, жергілікті атқару органдары, мектептер бизнес өкілдерімен бірлесе жұмыс істеулері қажет. Білім саласы назардан ешуақытта тыс қалмайды, жағдайды да, жақсартамыз, білім саласындағы көкейтесті мәселелер бірте-бірте өз шешімін табатыны сөзсіз, сондықтан басты талабымыз да тоқсан сөздің тобықтай түйіні де – ол білікті кадрлар. Жақсы кадр білім жүйесіндегі туындаған түйткілдерді шешері анық, – деді облыс әкімі.

Сонымен бірге облыс әкімінің айтуынша, Ұлттық бірыңғай тестілеуге мектеп бітірушілердің 50 пайызы қатысады, оларды 11 жыл бойы оқытамыз, сонда қалған оқушылар не істейді?

– Әрине, бір айдың ішінде ҰБТ-ға қатысты бар мәселені шеше алмаймыз, бірақ жағдайды оңтайлы шешуге мүмкіндік бар. Сонымен бірге қысым көрсетіп, я "қара аспанды төндірудің" жөні жоқ, – деді облыс әкімі.

Жиын барысында облыс әкімі Архимед Мұхамбетов осы ҰБТ-ге байланысты бірнеше аудандық білім бөлімдерінің жетекшілерін, мысалы, Науырзым, Жанкелдин, сахнаға шығарып, мектеп бітіруші оқушылардың ҰБТ-ге қатысуы, білім сапасының неге

төмендеп кеткенінің себебін сұрады, олардың жауаптарын тыңдағаннан кейін, ҰБТ-дің бас-талуына дейін бір ай қалғанын, осы мерзімде жағдайды түзету қажеттігін жеткізді.

– Бар мәселеге жан-жақты қарай келіп, тиісті шаралар

қабылдаған жөн, Ал, орындай алмасаңыздар, жұмыстарыңыздан босатамын, – деді аймақ басшысы.

Жиында тек әңгіме арқауы ҰБТ ғана емес, облысымыздағы жалпы білім саласына қатысты мәселелер, мектептеріміздің аттестаттаудан өтіп, лицензия алуы, мемлекеттік тапсырыс бойынша орта буын оқу орындарында мамандар даярлау, балалардың өзіне-өзі қол жұмсауы, өкінішке қарай бұл мәселеде республика бойынша бесінші орында тұр екенбіз. Облысымыздағы білім саласындағы мәліметтерді сараптай келсек, жиырма жыл ішінде облысымызда 10 балабақша, 450 шағын орталық салынған. Білім беру мекемелерінің саны да кеміген екен, қазір олардың саны – 536, осыдан үш-төрт жыл бұрын мектептеріміздің саны 770-тей болатын. Оқушылар саны да кеміген, бүгінде шамамен мектептерімізде 100000 оқушы білім алады. Сонымен бірге айта кеткеніміз жөн, өңірде шағын кешенді мектептеріміз көптеп саналады, сондықтан да осы мектептеріміздегі білім сапасын көтеру мақсатында 17 ресурс орталығы ашылды, алдағы уақытта тағы да қосымша төрт орталық ашылады деп жоспарлануда. Облыс әкімінің орынбасары М.Жүндібаевтың айтуынша, тегін оқулықтармен қамтамасыз ету үшін кем дегенде 62,1 млн. теңге қажет. Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов мектептерімізді тегін оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесі шешілетіндігін, қаражат қарастырылатындығын айтты.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс. Суретті түсірген: А. ЖҮЗБАЙ.

● БІЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Облыс әкімі
СУРИКОВТЫҚТАРМЕН
кездестіКенже
ҚОНЫСБАЙ

Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов іссапармен Қостанай ауданына қарасты бірқатар елді мекендерді аралады. Облыс әкімі мен аудан әкімі Тәуба Исабаев ат басын алдымен Суриков ауылына бұрды. Суриковты су басқалы өңір басшысы жағдайды назарда ұстап отыр. Бұл жолы мәселенің мәнісін көзбен көруді жөн санапты. Себебі, қызыл су қоршауында әлі де 16 үй бар.

Бүгіндері су сәл де болса тартылып, санаулы баспана құрғаған. Қарғын судан құтқарылған тұрғындармен бізде тілдестік.

– Өрең дегенде үйіміз құрғады. Өз қонысымызға оралып, бәрін қалыпқа келтіріп жатырмыз, – дейді ауыл тұрғыны Наталья Пронькина. – Жергілікті биліктің бізге көрсеткен қамқорлығына дән ризамын. Тез арада көмекке келіп, барлық жұмысты жауапты атқарды.

Қызыл судан зардап шеккендердің бірі – Александр Прищепа. Ол осы ауылдың кіреберісінде орналасқан ескі үйіне қайта оралды. Себебі, су астында қалған баспанасы енді пайдаға жарамайды.

– Менінше, үйімді қайта жаңарту мүмкін емес. Қабырғалары салмақты көтере алмай жарыла бастады. Төбесі ортасына түсті. Қараудың өзі қорқынышты. Мал қорам құлап қалды. Бірақ, қайғыратын дәннене жоқ. Барлығы келіп көмек қолын созып жатыр. Ауылдастарым мен туысқандарым ескі үйімнің ауласын тұрғызуға жұмыла кірісіп кетті. Еденін жөндеп, пеш саламыз, – дейді Александр Прищепа.

Су тасығалы тұрғындарға қол ұшын созған жергілікті кәсіпкер Асқар Әбілұлы үйсіз қалған ауылдастарына үш мезгіл тамағын беріп, жомарттық жасады. Бүгіндері үйлерін қалыпқа келтіру үшін құрылыс материалдарын да әкеп беріп отыр.

Суриковтағы бастауыш мектебінде облыс әкімімен жүздесуге 20-ға жуық адам жиналды. Ескерте кетейік, ілгеріректе мемлекеттік қызметкерлер және ерікті жомарт жандардың демеушілігімен зардап шеккен әр отбасыға 1 млн. теңге көлемінде жәрдемақы берілген. Сондай-ақ, әлеуметтік қорғау жүйесімен 30 АЕК (63 630 теңге) қаржылай көмек көрсетілді. Бастауыш мектептің кіреберісінде қабырғаға бірнеше баспананың суреті ілінген. Бұлар – таңдауға қойылған үйлер. Бәрі де Қостанай ауданына қарасты ауыл-аймақтағы бос қоныстар. Шаңырақтары су астында қалған кез келген отбасы осы үйлердің біреуіне қоныс аудара алады. Су қайтқан соң сарапшы топ қызметкерлері залалдан келген шығынды бағалайды. Мәселен, сарапшы Валерий Тищенконың сөзіне сүйенсек, бағалауға тек қар суынан зиян тиген мүліктер ғана есептеледі: қабырғалар, еден, үйдің төбесі т.б. Баға нарықтағы құрылыс материалдарының есебімен өлшенеді. Жиһаздар бұл санатқа енбейді. Тек жылжымайтын мүлік қана.

Бүгіндері суриковтықтарға көмектесем деген жандар үшін Заречный ауылындағы қазақ мектебінде қойма ашылған. Бұл жерге жиһаздан бастап, тұрмысқа қажетті керек-жарақ дүниенің бәрін тапсыруға болады. Айтулы қор жиналған соң зәру жандардың игілігіне беріледі. 5 мамыр күнгі көрсеткіш бойынша, су деңгейі 60 см төмендеген. Су астында әлі 16 үй бар. Облыс әкімі мерекелік демалыс күндері де су сору жұмыстары бір минутқа да тоқтамауы керек екенін айтты.

А.Мұхамбетов тұрғындармен кездескен соң су сору жұмысының қарқын-ын бақылады. Аудан әкімі Т.Исабаевтың айтуынша, бұл жерде ен мықты деген 10 құрылғы іске қосылған.

Тарихқа тағзым

Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Өңірдің өткені мен болашағы – Қазақстанның тұтас тарихының бір бөлшегі. Сонау сақ, ғұндардың, түркі қағанатының, берідегі моңғол, одан кейінгі жоңғар мен қалмақ шапқыншылығының, Патшалық Ресейдің отарлауы –

барлығы да Қостанай өңірінің аумағында болғаны белгілі.

Биыл өңір үшін ең айтулы жыл. Себебі, Қостанай облысының құрылғанына 80 жыл толмақ. Соған орай Л.Н.Толстой атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапхананың абонемент бөлімі "Қостанай облысы: өткені мен болашағы" атты мәдени іс шара ұйым-

дастырып, өңірдегі танымал ғалымдар мен ақын-жазушылардың, журналистердің басын қосты. Атап айтсақ, игі іске соғыс ардагері, абыз жырау Қ.Алдабергенов, тарих ғылымының докторы, профессор Д.Легкий, тарих ғылымының кандидаты Я.Духин, еңбек ардагері, ақын Н.Ковтун, "Қостанай және қостанайлықтар" электронды жобасының авторы, тарихшы А.Қозыбаев, "Қостанайские новости" газетінің журналисті Д.Аронова қатысып,

өздерінің ой-пікірлерімен бөлісті.

Қасымхан Алдабергенов қостанайлықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және кейінгі уақыттағы тың және тыңайған жерлерді игерудегі ерлік істеріне тоқталып, тарихқа тағзым ұрпаққа міндет екенін айтса, Дмитрий Легкий облыстың білім беру саласы қызметінің 80 жылдық тарихын әңгімеледі. Арман Қозыбаев "Қостанай және қостанайлықтар" сайтының қандай мақсатпен құрылғанын, болашақтағы жос-

парларымен бөліссе, Николай Ковтун тың және тыңайған жерлерді игеруге қостанайлықтардың қаншалықты атсалысып, еңбек көрсеткенін баяндады. Ал, Диларя Аронова өңірдегі баспасөз тарихына шолу жасап, басылым беттерінде өңір тарихының қаншалықты көрініс беріп жатқандығын сөз етті.

Мәдени шараға кітапхана ұжымы мен оқырмандар, БАҚ өкілдері қатысып, сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді.

Қостанай облыстық мәслихатының 2016 жылғы 24 наурыздағы №8 шешімі

Мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 467 «Қостанай облысының 2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 106-бабына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 467 «Қостанай облысының 2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6061 тіркелген, 2015 жылғы 26 желтоқсанда «Қостанайские новости» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. Қостанай облысының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 153400676,8 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер бойынша – 6299428,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 281796,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 9780,0 мың теңге;

трансферттер түсімі бойынша – 146809672,8 мың теңге;

2) шығындар – 153905493,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 5084166,0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 5983418,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 899252,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша салыдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -5588982,4

мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 5588982,4 мың теңге.»;

6-тармақ мынадай мазмұндағы 27), 28), 29)-тармақшалармен толықтырылсын:

«27) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

28) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

29) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылыстарының қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын штат санын ұстауға ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

көрсетілген шешімнің 1, 2, 3-қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы Т. Булгацевич
Қостанай облыстық мәслихатының
хатшысы С. Ещанов.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 28 наурызда №6246 болып тіркелген.

Мәслихаттың
2016 жылғы 24 наурыздағы №8
шешіміне 1 - қосымша

Мәслихаттың
2015 жылғы 11 желтоқсандағы №467
шешіміне 1 - қосымша

Қостанай облысының 2016 жылға арналған облыстық бюджеті

Санаты Сыныбы Ішкі сыныбы					Сомасы, мың теңге
				Атауы	
				I. Кірістер	153 400 676,8
1				Салықтық түсімдер	6 299 428,0
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	6 299 428,0
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	6 298 275,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1 153,0
2				Салықтық емес түсімдер	281 796,0
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	90 496,0
		1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	26 329,0
		3		Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	11 957,0
		4		Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	1 270,0
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	44 569,0
		6		Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	1 144,0
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	5 227,0
	02			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	3 120,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	3 120,0
	03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	55,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	55,0
	04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	594,0
		1		Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	594,0
	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	187 531,0
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	187 531,0
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	9 780,0
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	9 780,0
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	9 780,0
4				Трансферттердің түсімдері	146 809 672,8
	01			Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	23 784 618,8
		2		Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	23 784 618,8
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	123 025 054,0
		1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	123 025 054,0

Функционалдық топ Кіші функция Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Бағдарлама					Сомасы, мың теңге
				Атауы	
				II. Шығындар	153 905 493,2
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 560 356,4
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1 118 604,6
		110		Облыс мәслихатының аппараты	57 266,1
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	56 166,1

			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100,0
		120		Облыс әкімінің аппараты	860 636,2
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	742 227,1
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16 864,1
			009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	6 906,0
			013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	94 639,0
		282		Облыстың тексеру комиссиясы	200 702,3
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	183 748,8
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16 953,5
	2			Қаржылық қызмет	217 004,2
		257		Облыстың қаржы басқармасы	181 977,1
			001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	175 511,1
			009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	5 366,0
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100,0
		718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	35 027,1
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	32 274,1
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 753,0
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	163 358,5
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	163 358,5
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	154 158,5
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 200,0
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау, бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын бағалауды жүргізу	5 000,0
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	61 389,1
		269		Облыстың дін істері басқармасы	61 389,1
			001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 025,1
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100,0
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	34 264,0
02				Қорғаныс	119 359,0
	1			Әскери мұқтаждар	83 584,0
		120		Облыс әкімінің аппараты	83 584,0
			010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	46 185,0
			011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	37 399,0
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	35 775,0
		287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	35 775,0
			003	Облыс ауқымындағы азаматтық қорғаныстың іс-шаралары	7 888,0
			004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	27 887,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6 224 184,1
	1			Құқық қорғау қызметі	6 193 346,1
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	6 193 346,1
			001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 996 359,1
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	4 632,0
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	32 000,0
			013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	56 255,0
			014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	55 320,0
			015	Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру	44 880,0
			024	Дағдарыстық жағдай қаупі төнген және туындаған кезде іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығу жүргізу	3 900,0
	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	30 838,0
		120		Облыс әкімінің аппараты	30 838,0
			015	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	30 838,0
04				Білім беру	15 846 926,7
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	4 563 596,0
		261		Облыстың білім басқармасы	3 954 536,0
			027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 954 536,0
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	609 060,0
			007	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттер	609 060,0
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2 777 098,4
		261		Облыстың білім басқармасы	2 008 344,2
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 427 272,6
			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	581 071,6
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	133 728,0
			079	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	133 728,0
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	635 026,2
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	635 026,2
	4			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	7 515 733,4

		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	290 805,4
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	290 805,4
		261	Облыстың білім басқармасы	7 224 928,0
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	7 224 928,0
	5		Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	9 779,0
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	9 779,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	9 779,0
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	980 719,9
		261	Облыстың білім басқармасы	980 719,9
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	143 777,1
		004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	27 669,2
		005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	11 104,0
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	304 568,6
		011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	69 766,8
		029	Әдістемелік жұмыс	42 179,2
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	6 100,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	375 555,0
05			Денсаулық сақтау	30 499 445,2
	2		Халықтың денсаулығын қорғау	1 490 674,3
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 412 061,0
		005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдауыштары мен препараттарын өндіру	868 901,2
		006	Ана мен баланы қорғау бойынша қызмет көрсету	400 024,6
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	143 135,2
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	78 613,3
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	78 613,3
	3		Мамандандырылған медициналық көмек	10 946 960,0
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	10 946 960,0
		009	Туберкулез, жұқпалы аурулар, психикалық күйзеліс және мінез-құлқының бұзылуынан, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты, зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	4 487 916,0
		019	Туберкулезбен ауыратын науқастарды туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз ету	480 419,0
		020	Диабетпен ауыратын науқастарды диабетке қарсы препараттармен қамтамасыз ету	930 455,0
		021	Онкогематологиялық науқастарды химия препараттарымен қамтамасыз ету	287 755,0
		022	Созылмалы бүйрек функциясының жетіспеушілігі бар, аутоиммунды, орфандық аурулармен ауыратын, иммунитеті жеткіліксіз науқастарды, сондай-ақ ағзаларды транспланттаудан кейінгі науқастарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету	611 596,0
		026	Гемофилиямен ауыратын науқастарды қанды ұйыту факторларымен қамтамасыз ету	523 544,0
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	1 212 278,0
		036	Жіті миокард инфаркті бар науқастарды тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	39 822,0
		046	Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету	2 373 175,0
	4		Емханалар	15 600 398,8
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	15 600 398,8
		014	Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және балаларға арналған және емдік тағамдардың арнаулы өнімдерімен қамтамасыз ету	710 831,0
		038	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде скринингтік зерттеулер жүргізу	294 755,0
		039	Аудандық маңызы бар және ауыл денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмекті және амбулаториялық-емханалық көмекті халыққа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетуі	14 178 401,8
		045	Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен амбулаториялық емдеу деңгейінде жеңілдетілген жағдайда қамтамасыз ету	416 411,0
	5		Медициналық көмектің басқа түрлері	928 021,2
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	928 021,2
		011	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін және аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық көмекті қоспағанда, жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация	853 940,0
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	74 081,2
	9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	1 533 390,9
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 532 989,7
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	149 710,1
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	423 007,2
		013	Патологоанатомиялық ашып тексеруді жүргізу	111 307,4
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	18 277,0
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	29 502,0
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	801 186,0
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	401,2
		083	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде орналасқан дәрігерлік амбулаториялар және фельдшерлік-акушерлік пункттерді салу	401,2
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3 945 302,4
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	3 163 580,2
		256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	2 106 369,6
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	680 404,2

		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	959 573,8
		014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	148 336,4
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	291 493,2
		047	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	26 562,0
		261	Облыстың білім басқармасы	1 041 471,2
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	997 852,0
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	43 619,2
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	15 739,4
		039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	15 739,4
	2		Әлеуметтік көмек	240 284,0
		256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	240 284,0
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	240 284,0
	9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	541 438,2
		256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	431 681,1
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	157 806,1
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100,0
		017	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер)	25 403,0
		018	Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	23 194,0
		044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	3 830,0
		045	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	202 952,0
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	14 898,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 300,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысалы трансферттер	1 198,0
		263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	35 792,0
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	35 792,0
		268	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	11 385,0
		045	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	11 385,0
		270	Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	62 580,1
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	61 480,1
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 447 139,1
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	3 271 457,0
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	7 116,0
		047	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	7 116,0
		256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	6 380,0
		042	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде қалаларды және елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6 380,0
		261	Облыстың білім басқармасы	116 590,0
		062	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	113 828,0
		064	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	2 762,0
		262	Облыстың мәдениет басқармасы	39 921,0
		015	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	17 129,0
		016	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	22 792,0
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	3 094 594,0
		014	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	164 326,0
		027	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 930 268,0
		285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	6 856,0
		009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6 856,0
	2		Коммуналдық шаруашылық	3 175 682,1
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	1 538 151,0

			058	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 538 151,0
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 637 531,1
			001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	87 302,1
			004	Елді мекендерді газдандыру	109 059,0
			010	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	627 444,0
			014	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықты дамытуға арналған нысаналы даму трансферттері	114 094,0
			032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	699 632,0
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	6 739 672,4
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	1 252 632,5
		262		Облыстың мәдениет басқармасы	1 252 632,5
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60 071,1
			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	85 050,2
			005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	282 489,2
			007	Театр және музыка өнерін қолдау	821 822,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	2 100,0
	2			Спорт	4 282 532,7
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	2 855,2
			017	Спорт объектілерін дамыту	2 855,2
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	4 279 677,5
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	70 350,1
			002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	25 087,0
			003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	3 508 948,4
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары	800,0
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	673 392,0
	3			Ақпараттық кеңістік	971 933,0
		259		Облыстың архивтер және құжаттама басқармасы	332 096,1
			001	Жергілікті деңгейде архив ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	30 199,1
			002	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	300 797,0
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100,0
		262		Облыстың мәдениет басқармасы	293 104,8
			008	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	293 104,8
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	265 942,0
			007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	265 942,0
		264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	80 790,1
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43 668,1
			002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	36 022,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100,0
	4			Туризм	8 651,0
		266		Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	8 651,0
		021		Туристік қызметті реттеу	8 651,0
		9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	223 923,2
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	122 477,1
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	121 377,1
